

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.211-212

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БЛЮТАНГ АУРУЫ БОЙЫНША ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ**

*Әшім А.М.*

Блютанг ауруы алғаш рет 1876 жылы Оңтүстік Африкада тіркелген. Алғашқы кезде ол қойдың жергілікті тұқымын зақымдап, індет ешқандай симптомсыз өткен. Африка елдеріне қойдың ауруға аса сезімтал еуропалық тұқымын әкелуден індеттің қатерлі түрі дами бастады. Содан бері 144 жыл ішінде ауру Африка континентінен сыртқа таралып, көршілес мемлекеттерде тіркеле бастады. Ауруға бейім жануарлар арасында індет жаппай эпизоотия түрінде байқалып, әлемдегі блютанг бойынша індеттік ахуалды талдау кезінде індет ареалының күннен-күнге ұлғайып жатқаны дәлелденуде [1, 2].

Халықаралық эпизоотиялық бюроның (ХЭБ) деректері бойынша 1967 жылы ауру Африканың 13 елінде тіркелсе, 10 жылдан соң Батыс және Шығыс жарты шарлардағы 80-нен астам елдерді қамтыған [3]. 1996-2006ж.ж індеттің таралуы жаңа масштабтарда пайда болды: Австралияда, Солтүстік Америкада, Орталық Америкада, Оңтүстік Америкада, Африкада, Азияда, Еуропада тіркелген. Ал көршілес Ресей федерациясында Бурятия аймақтарын 1993 жылдан бастап қатерлі аймақ ретінде есептеуге болады [4]. Қазіргі дерек көздеріне сүйенсек, бүкіл Еуропа мемлекеттері жануарлардың аса қауіпті ауруы – блютанг ауруының ошағына айналып отыр. Індет ошағы 2002 жылы Болгарияда, Албанияда, Сербияда, Черногория және Хорватияда тұтанса, ал 2007-2008 жылдардың мәліметтері бойынша олардың қатарын дамыған мемлекеттер – Италия, Португалия, Швейцария, Біріккен Корольдіктер, Тунис, Люксембург, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Испания, Нидерландия, Франция, Чехия және Польша мемлекеттерімен толықты. Індет ХЭБ-ның мәліметі бойынша әлемдік малшаруашылығы мен одан алынатын өнімдердің саудасына 3 млрд. долларға дейін экономикалық шығын әкелді [5].

Қазақстан Республикасының аумағы үшін блютанг ауруы қоздырғыштарының әкеліну қаупі бар. Аумағы осы аурулар бойынша қолайсыз немесе ауру вирустары айналымда болатын елдермен тікелей жақын орналасқан шет елдерден әкелінетін мал негізгі тәуекелге ұшырайды. Қазақстан Республикасы үшін блютанг бойынша тәуекел елдері іс жүзінде барлық ЕО мемлекеттері, Ресей Федерациясының белгілі бір облыстары,

АҚШ пен Канаданың кейбір Штаттары болып табылады. Осындай қауіп-қатерге ұшыраған республиканың негізгі әкімшілік аумақтары импорттық мал әкелінетін және өсірілетін мал шаруашылығы шаруашылықтарының аумақтары, сондай-ақ осындай жануарлар тасымалданатын аумақтар мен жолдар болып табылады. Импорттық мал қауіпі бар елдерден ҚР барлық әкімшілік облыстарының аумағына әкелінетіндіктен, зерттелетін аурулардың пайда болуының болжамды ықтималдығы республиканың барлық аумағында бар [6].

Қарағанды өңіріндегі блютанг бойынша эпизоотиялық жағдайды есепке алу және талдау үшін негізгі материалдар өңірдің шаруашылықтары бойынша жыл сайынғы статистикалық деректер болды. Блютангқа мониторинг жүргізу үшін біз аурудың эпизоотологиясының деректерін және серологиялық және вирусологиялық зерттеулердің нәтижелерін пайдаландық. Қарағанды облысы аумағында блютанг ауруы бұрын тіркелмеген.

«РВЗ» ШЖҚ РМК жоспарлы түрде эпизоотиялық жағдайды бақылау мақсатында блютанг ауруы бойынша жыл сайын ИФТ әдісі арқылы бақылау зерттеулері жүргізіледі. Нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Қарағанды облысы бойынша 2016-2020 жж. «РВЗ» ШЖҚ РМК-да ІҚМ қан сарысуының сынамасына блютанг ауруына жүргізілген қорытынды зерттеулер нәтижелері

№ р/с	Аудан және қала атауы	Жылдар					Нәтижелер
		2016	2017	2018	2019	2020	
		Зерттелген мал басының саны					
1	Абай	0,006	0,014	0,016	0,015	0,012	-
2	Ақтоғай	0,004	0,011	0,015	0,015	0,019	-
3	Бұқар Жырау	0,008	0,008	0,020	0,020	0,025	-
4	Жанаарка	0,003	0,014	0,015	0,015	0,014	-
5	Қарқаралы	0,006	0,014	0,015	0	0,014	-
6	Нұра	0	0,002	0,015	0,007	0,008	-
7	Осакаровка	0,006	0,014	0,015	0,015	0,014	-
8	Ұлытау	0	0	0,010	0,010	0,005	-
9	Шет	0,002	0,007	0,010	0,005	0,007	-
10	Балқаш	0	0	0	0	0,005	-
11	Жезқазған	0	0	0	0	0,005	-
12	Қаражал	0	0	0	0	0,005	-
13	Приозерск	0	0	0	0	0,005	-
14	Саран	0	0	0	0	0,005	-
15	Сатбаев	0	0	0	0	0,005	-
16	Шахтинск	0	0	0	0	0,005	-
	<b>Барлығы:</b>	<b>0,035</b>	<b>0,084</b>	<b>0,131</b>	<b>0,102</b>	<b>0,153</b>	

1-ші кестедегі деректерге сәйкес, Қарағанды облысы бойынша 2016-2020 жылдары «РВЗ» ШЖҚ РМК жоспарлы түрде Блютанг ауруы үшін ІҚМ қан сарысуының 505 сынамасын зерттеді. Барлық сынама теріс нәтиже көрсетті. Қарағанды облысы блютанг ауруы бойынша таза аймаққа жатады.

Соңғы онжылдықта трансмиссивті аурулардың эпизоотологиясы айтарлықтай өзгерді. Кез-келген аймақта векторлық жұқпалы аурулардың пайда болуы ветеринарлық қызметтердің маңызды проблемасына айналды. Трансмиссивті жұқпалы аурулар кез-келген басқа жұқпалы ауруларға қарағанда уақыт пен кеңістіктегі Ғаламдық таралумен сипатталады. Соңғы онжылдықта әлемдегі эпизоотиялық жағдайдың нашарлауына байланысты жұқпалы экзотикалық аурулардың таралу қаупіне көп көңіл бөлінді, олардың таралу коэффициенті жоғары және ұлттық шекарадан асып кетуі мүмкін.

Блютанг ауруының ену қаупі және таралу мүмкіндігін болдырмау үшін: блютанг бойынша қолайсыз аймақтардан мал әкелмеу: блютанг бойынша қолайсыз және күдікті елдермен шекаралас елдерден әкелінетін барлық малды блютанг ауруына серологиялық тексеру жүргізу қажет.

Мұндай қатаң тыйым салулар жоқ елдерде энзоотиялық қолайсыз аймақтардан күйіс қайыратын малдарды енгізуге қыс айларында және алдын ала 30 күндік карантиндеуден кейін ғана жол беріледі. Бұл уақытта олардың қанын комплементті байланыстыру реакциясын қою арқылы зерттейді.

Жануарларды енгізгеннен кейін олар жәндіктер жоқ қораларға 30 күндік карантинге жіберіледі. Энзоотиялық жағынан қолайсыз мемлекеттерде жыл сайын профилактикалық вакцинация жүргізіледі.

Блютангпен күресу шаралары осы аурудың эпизоотологиясының ерекшеліктерін, мысалы, оның стационарлығы, маусымдылығы, инфекцияның қоздырғышының берілу жолы және қоздырғыштың көптеген серотиптерінің болуы туралы білуге негізделген. аурудың алдын алу үшін таулы жерлерде шөп шабу, жануарларды биік жерлерге көшіру немесе түнде масаларсыз бөлмелерде ұстау, жәндіктерді қорқытатын құралдарды қолдану ұсынылады.

Ғылыми жетекшісі: в.ғ.д, профессор Әбдірахманов С.Қ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Коломыцев А.А. Распространение вируса блютанга в мире за последние 100 лет / А.А. Коломыцев, К.А. Снетков, А.В. Книзе // Материалы Первого съезда ветеринарных фармакологов России / Всерос. науч.-исслед. ветеринар. ин-т патологии, фармакологии и терапии, 2007г. – с.36.

2. Бакулов И.А. Эпизоотическая ситуация в мире по особо опасным болезням животных к концу XX столетия // Материалы межд. науч.- практ. конф. 15-16 авг. 2000 г. – Покров, 2000. – С. 25-28.

3. Василенко Н.З. Инфекционная катаральная лихорадка овец. В кн.: Малоизвестные заразные болезни животных, 2 изд. – М., 1973. – С. 273-278.

4. Стрижаков А.А., Закутски Н.И., Коломыцев А.В. Эпизоотология и меры борьбы с блютангом // Журнал «Ветеринария». – №8. – 2008. – С. 23-27.

5. Disease information published during the past 18 months <http://www.oie.int/>

6. Султанов А.А., Шманов Г.С., Кутумбетов Л.Б., Жусупов Г.К., Мырзахметова Б.Ш. «Рекомендации по поддержанию благополучия по

блютангу и болезни Шмалленберга на территории Республики Казахстан»  
[Электронный  
ресурс].URL:<http://kaznivi.kz/images/docs/rek2015/02rek2015.pdf>